

Кәсіпорындарды қаржы-экономикалық сауықтыру, дәрменсіз кәсіпорындардың банкроттығын, оларды таратудың алдын алу жөніндегі қызметті жандандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 29 сәуірдегі N 394. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен.

Төлем қабілеті жоқ мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерін қаржы-экономикалық сауықтыру, санациялау және оңалту процестерін жандандыру, сондай-ақ мұндай кәсіпорындар мен шаруашылық серіктестіктерін қайта ұйымдастыру мен тарату мәселелерін шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Агенттік):

Агенттікке берілген мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерін қаржылық сауықтыру не тарату жөніндегі шараларды жүзеге асыру кезеңінде директивалық несиелер, бюджеттік қарыздар және мемлекеттің алдындағы берешектің басқа да түрлері бойынша несие беруші ретіндегі мемлекеттің атынан бірден-бір уәкілетті өкіл болып т а б ы л а д ы ;

Агенттікке берілген төлем қабілеті жоқ мемлекеттік кәсіпорындар мен жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі 50 проценттен астамды құрайтын мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерінің өз қаржы ресурстарының, сондай-ақ көрсетілген заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыруды және санациялауды жүзеге асыруға Агенттік бөлген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асырады деп белгіленсін.

2. Агенттікке мынадай функциялар:

қызмет көрсетуге агенттікке берілген мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерін қайта ұйымдастырудың және санациялаудың кешенді жоспарларын бекіту;

Агенттікке берілген мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру жөнінде ұ с ы н ы с е н г і з у ;

Агенттікке берілген мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерін несиелендіру және қаржыландыру;

Агенттік бөлген қаражатты мақсатты пайдалану саласында тәртіп бұзушылық анықталған жағдайда мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерінің басшылығын ауыстыру туралы ұсыныс енгізу құқығымен, Агенттікке берілген мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерін қаржылық сауықтыруға бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына ұдайы қаржылық бақылау жасауды жүзеге асыру жүктелсін.

3. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктеріне төлем-есеп айырысу қызметін көрсетуді Агенттік пен банктің арасында жасалған агенттік келісімнің негізінде екінші деңгейдегі банктер жүзеге асырады;

төлем қабілеті жоқ мемлекеттік кәсіпорындар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Агенттікке беріледі;

төлем қабілеті жоқ мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен Агенттікке беріледі деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Агенттікке банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия беру ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір айлық мерзім ішінде Агенттікті, оған осы қаулымен жүктелген функцияларды орындауы үшін, қажетті мүлікпен қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру жөніндегі департаменті Алматы қаласы, Мәуленов көшесі, 92 мекен-жайы бойынша орналасқан, Агенттіктің балансындағы үйді Агенттіктің жарғылық капиталына кіргізісін.

7 . < * >

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1998.06.18. N 558

қаулысымен .

8. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 наурыздағы N 359 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 10, 22-құжат) 2,3 және 4-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

9. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК